

**«АСТАНА МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» АҚ  
«ЭПИДЕМИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР  
КАФЕДРАСЫ»**

**Тақырыбы:** Дәрігер учаскесіндегі алдын алу және  
эпидемияға қарсы жұмыс

Орындаған: Мәлікұлы Ілияс

Топ: 501 ҚДС

Қабылдаған: Ильясов Б.Б.

Астана 2016

## **Жоспары:**

**I.Кіріспе бөлім**

**II.Негізгі бөлім**

**1. Учаскелік педиатр және терапевттің инфекция көзіне қатысты, эпидемияға қарсы шараларды жүргізуі.**

**2. Ошақтық дезинфекцияны жүргізу.**

**III.Қорытынды**

**IV. Пайдаланылған әдебиеттер**

# Кіріспе:

- Учаскелік дәрігер аурудың профилактикасын, диагностикасын, емделуін, науқастарды оңалтуды жүзеге асырады. Білікті, жедел және басқа да медициналық көмек түрлерін көрсетеді. Науқасты емдеу тактикасын анықтайды. Науқасты тексеру жоспарын әзірлейді. Клиникалық қараулар мен тексерулер, анамнез жинау және клинико-зертханалық және аспаптық зерттеулер мәліметтері негізінде диагноз қояды (немесе растайды). Егер ондай таңдау тексеру нәтижелерінде көзделген болса, науқасқа емдеу әдістері мен тәсілдерін, сонымен қатар медициналық мақсаттағы бұйымдар мен құралдарды таңдау мүмкіндігі туралы ақпарат береді. Өз қызметінің көрсеткіштерін талдайды. Емдеу, оңалту, сақтандыру мәселелері бойынша өзге мамандармен және қызметтермен өзара іс-қимылды жүзеге асырады. Денсаулық орталықтарымен бірге салауатты өмір салтын, дұрыс тамақтануды насихаттауға қатысады. Балаларды тамақтандыру, шынықтыру, мектепке дейінгі мекемелерге, мектепке дайындау, отбасын жоспарлау, контрацепция, иммунопрофилактика мәселелері бойынша кеңес беру қызметін жүзеге асырады. Аурудың және қатерлі факторлардың ерте және жасырын нысандарын анықтауға арналған жұмыстарды жүргізеді, олардың науқасқа әсер етуінің төмендеуіне ықпал етеді. Қажет болған жағдайда, емдеу-профилактикалық ұйымдардың мамандарын тарта отырып диагностикалық, емдеу-сауықтыру және оңалту шаралардың кешенін ұйымдастырады. Бекітілген контингенттің денсаулық жағдайына талдау жүргізеді, медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді. Практикаға аурудың емі мен профилактикасының жаңа әдістерін енгізеді. Өзіне бағынатын орта және кіші медициналық қызметкерлердің жұмысын ұйымдастырады және бақылайды. Медициналық этиканы, ішкі еңбек тәртібі ережесін сақтайды.

# Негізгі бөлім:

Учаскелік педиатр және терапевт инфекция көзіне қатысты мынадай эпидемияға қарсы шараларды жүргізеді:

- Егер науқаста анық клиникалық белгілер анықталса, соның ішінде интоксикациялық синдромның айқындылығы (ауыр ағымды), жасына және қызбасының 3 күн бойы созылуына қарай; науқастың эпидемиологиялық көрсеткіштеріне қарай (арнайы тіркелген топқа жатса, коммуналды пәтерде, жатақханада тұрса ) емханаға жатқызады.
- Аурудың ағымы жеңіл болса, тұрмыстық жағдайы тәуір және науқас санитарлық сауатты болса науқасты үйде оқшаулауды тағайындайды.

Жұқпалы аурумен ауыратын науқастардың уақытылы емханаға жатқызылуына учаскелік дәрігер жауап береді. Егер науқас үйінде қалса дәрігер оның ем алуын қамтамасыз етіп, эпидемиологиялық ошақты бақылауға алып, реконвалесцентте жұғу периоды біткенше тексеруі тиіс. Кейбір жұқпалы ауруларды міндетті түрде емханаға жатқызу заң бойынша бекітілген. Ол кезде науқастар арнайы емхана көлігімен, дезинфекция жүргізуге тиісті транспортпен жеткізіледі.



Учаскелік дәрігерге тиісті территорияда инфекциялы науқас анықталса дәрігер алдымен эпидемиологқа және СЭС-қа хабар жіберуі тиіс.

Қаншалықты тез хабар жеткізілсе, аурудың таралып кетуінің алдын алу мүмкіндігі жоғары.





Учаскелік дәрігер қоздырғыштың таралу жолдары мен факторларын анықтап оларды жоюға қарсы шаралар ұйымдастыруға міндетті. Ошақтық дезинфекцияны жүргізу мыналардан тұрады:

- ▣ Науқасты және оның отбасы мүшелеріне инфекцияны болдырмау жолдары туралы нұсқау беру;
- ▣ Дезинфекциялау объектілерін анықтау;
- ▣ Дезинфекциялау құрал-жабдықтарын тағайындау;
- ▣ Ағымдық дезинфекция жүргізу;
- ▣ Қорытынды дезинфекция жүргізу.
- ▣ Карантин тағайындау
- ▣ Жұмыс орнына хабар беру.

## **Эпидемия ошағында жүргізетін эпидемияға қарсы шаралар**

**1. Эпидемиялық процестің 1-ші бөлігіне  
бағытталған шаралар:**

- СЭС-ке хабарлау (Ф-058/У)
- ауру адамдар мен қоздырғыш тасушыларды анықтау
  - науқасты оңашалау (үйде)
- ауруханаға жатқызу
  - науқаспен қарым-қатынаста болғандарды анықтап,
    - аурудың жасырын уақыты өткенше денсаулық жағдайын бақылау
- ауру жануарларды анықтап, мал дәрігерлік бақылауға алу
  - немесе жою



Учаскелік дәрігер науқаспен қатынасқа түскен тұлғалармен санитарлық сауаттандыру жұмыстарын жүргізіп, оларды сырқаттың болуы мүмкін инкубациялық кезеңнің максималды уақытына дейін бақылауда ұстайды.



# Қорытынды:

Жалпы қорытындылай келсек дәрігерлік учаскеде инфекциялық науқастарды анықталған жағдайда эпидемияға қарсы шараларды ұйымдастырып, сонымен қатар алдын алу шараларын жүргізуі дәрігерлік қызметінің ажырамас бөлігі болып табылады.

Дәрігерлік учаскедегі жүргізілетін эпидемияға қарсы шаралар инфекция көзін оқшаулауға және жоюға, қоздырғыштың берілу жолдарын және факторларын жоюға, науқастармен қарым-қатынасқа түскен тұлғаларды қорғауға, оларға ескерту жасауға және сырқат болған жағдайда ерте анықтауға бағытталады.

# Пайдаланылған әдебиеттер:

- Н.Д.Ющук, Ю.В.Мартынов «Эпидемиология»
- Учебная литература для студентов медицинских вузов 2003 ж. - 211б
- <http://kzgov.docdat.com/docs/339/index-25825.html?page=8> «Об утверждении Квалификационных характеристик должностей работников здравоохранения»
- Г.Н.Чистенко «Общая эпидемиология» (Курс лекций)